

## Қарасай ауданы аумағында бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 10 наурыздағы N 51-5 шешімі. Алматы облысы Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 07 сәуірде N 2-11-101 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 25-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 26.02.2018 № 25-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 7-бабының 5-тармағына сәйкес Қарасай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасай ауданы аумағында бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қарасай аудандық Әділет басқармасында 19.01.2010 жылы мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2-11-79 болып енгізілген Қарасай аудандық мәслихатының 22.12.2009 жылғы "Қарасай ауданы аумағында бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" (2010 жылдың 13 ақпанында "Заман жаршысы" газетінің № 7 санында жарияланған) № 36-3 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс 51-ші  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы

Қ.О.Қатубаев  
М.Т.Ахметов

Қарасай аудандық мәслихатының  
10.03.2011 жылғы № 51-5 "Қарасай ауданы  
аумағында бекітілген базалық ставкалар  
шегінде бірыңғай тіркелген салық  
ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне  
қосымша

| № | Салық салу объектісінің атауы | Бір объектіге төленетін салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік корсеткіште) |
|---|-------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
|   |                               |                                                                                 |

|   |                                                                                      |    |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 | 2                                                                                    | 3  |
| 1 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары                        | 6  |
| 2 | Бірден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары | 10 |
| 3 | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер                                     | 3  |
| 4 | Ойын жолы                                                                            | 25 |
| 5 | Карта                                                                                | 4  |
| 6 | Бильярд үстелі                                                                       | 5  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК